

С.Ж. Еділбаева¹ , Ж.М. Иманбаева^{1*} , Н.А. Кенжегулов² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
²Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: izhuldyz2015@gmail.com

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІЛІМІ

Қазіргі цифрлық ғасырда білім беруге утилитарлық мән көбірек беріледі. Бұл тенденция адамның болашағы үшін, ең алдымен әлеуметтік, мәдени, рухани болмыс ретінде алаңдаушылық тудырады. Мақала авторлары Шығыстың Екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасына жүгініп, «білім» ұғымының бай терең философиялық мағынасын ашады. Әл-Фараби білім мен тәрбиені өзара байланыста қарастырды. Бұл дәстүр ежелгі гректерден «пайдея» тәрбиесінің белгілі бір моделі ретінде басталды, ортағасырлық мұсылман шығысындағы «адаб» тұжырымдамасында көрініс тапты.

Әл-Фарабидің философиялық-педагогикалық ілімі кең және теориялық және практикалық философияның көптеген аспектілерін қамтиды. Әл-Фарабидің пікірінше, кез келген білімнің мақсаты-адамның өзін-өзі тануы, кемелдікке жету, демек бақыт. Кемелдікке жету арқылы адам бақытты болып қана қоймай, басқаларды да бақытты етеді. Ойшыл тәрбиенің саяси аспектісін анық көрсетеді. Білім – бұл тәрбиенің бір бөлігі және адамның кемелдікке жету жолы-оның бойында басқаларға үлгі болуға мүмкіндік беретін жоғары моральдық қасиеттерді тәрбиелеу.

Әл-Фарабидің философиялық-педагогикалық ілімінің әмбебаптығы мен өшпестілігін мақала авторлары оның идеяларын ежелгі гректер, француз ағартушылары, неміс классикалық философиясының өкілдері және XX ғасырдың әртүрлі постклассикалық ағымдарымен салыстыру және талдау арқылы көрсетеді. Әл-Фарабидің идеялары қазіргі заман рухымен үндес, практикалық маңызы бар және оларға инновациялық қолдануды таба алатындар үшін үлкен мүмкіндіктер ашады.

Түйін сөздер: әл-Фараби, білім беру философиясы, тәрбие, адам, кемелдік, бақыт.

S.Zh. Edelbay¹, Zh.M. Imanbayeva^{1*}, N.A. Kenzhegulov²

¹al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: izhuldyz2015@gmail.com

The philosophical and pedagogical doctrine of al-farabi

In today's digital age, education is seen more as a utilitarian purpose. This trend causes justified concern for the future of man as a being, first of all, a social, cultural, and spiritual being. The authors of the article, referring to the heritage of the Second teacher of the East Abu Nasr al-Farabi, reveal the rich deep philosophical meaning of the concept of «education». Al-Farabi considered education and upbringing to be interconnected. This tradition originated among the ancient Greeks as a certain model of upbringing «paideia» and was reflected in the concept of «adab» in the medieval Muslim East.

The philosophical and pedagogical teaching of al-Farabi is extensive and includes many aspects of theoretical and practical philosophy. According to al-Farabi, the goal of any education is a person's knowledge of himself, in order to achieve perfection, and hence happiness. Having reached perfection, a person not only becomes happy, but also makes others happy. In education, the thinker clearly highlights the political aspect. Education is a part of upbringing, and the whole path of a person to perfection is the upbringing in him of high moral qualities, allowing him to be an example for others.

The universality and timelessness of the philosophical and pedagogical teachings of al-Farabi are shown by the authors of the article by comparing and analyzing his ideas with the ideas of the ancient Greeks, French enlighteners, representatives of German classical philosophy and various post-classical movements of the 20th century. Al-Farabi's ideas are consonant with the spirit of modernity, are of practical importance and open up great opportunities for those who can find innovative applications for them.

Key words: al-Farabi, philosophy of education, upbringing, person, perfection, happiness.

С.Ж. Едильбаева¹, Ж.М. Иманбаева^{1*}, Н.А. Кенжегулов²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: izhuldyz2015@gmail.com

Философско-педагогическое учение аль-Фараби

В современный цифровой век в образовании больше видят утилитарное предназначение. Такая тенденция вызывает оправданное беспокойство за будущее человека, как существа в первую очередь социального, культурного, духовного. Авторы статьи обращаясь к наследию Второго учителя Востока Абу Насра аль-Фараби раскрывают богатый глубинный философский смысл понятия «образование». Аль-Фараби образование и воспитание рассматривал во взаимосвязи. Эта традиция зародилась еще у древних греков как определенная модель воспитания «пайдейя», нашла отражение в концепте «адаб» на средневековом мусульманском востоке.

Философско-педагогическое учение аль-Фараби обширно и включает в себя множество аспектов теоретической и практической философии. Согласно аль-Фараби цель всякого образования – познание человеком самого себя, для достижения совершенства, а значит и счастья. Достигнув совершенства человек не только становится счастливым, но и делает счастливыми других. В воспитании мыслитель ясно выделяет политический аспект. Образование есть часть воспитания и весь путь человека к совершенству есть воспитание в нем высоких моральных качеств, позволяющих ему быть примером для других.

Универсальность и вневременность философско-педагогического учения аль-Фараби авторы статьи показывают посредством сравнения и анализа его идей с идеями древних греков, французских просветителей, представителей немецкой классической философии и различных постклассических течений XX века. Идеи аль-Фараби созвучны духу современности, имеют практическое значение и открывают большие возможности для тех, кто сможет найти им инновационное применение.

Ключевые слова: аль-Фараби, философия образования, воспитание, человек, совершенство, счастье.

Кіріспе

Қазақстанның білім беру кеңістігінде эл-Фарабидің гуманистікке негізделген рухани-дәстүрлі білім беру идеясы, бірқатар университеттерімізде жүзеге асырылуда. Қазіргі жаһандану заманның өзекті тақырыптарының бірі білім беру мәселесі деп айтсақ артық емес. Білім беру қазіргі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты, ал оны өзгертілген түрде құру болашақ өмір сапасына қатысты мәселе. Білім жайындағы қазіргі көкейкесті пікірлер білім беруге философиялық көзқарас қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстандық ғалымдардың философиялық дискурсында білім беру мәселесіне үлкен көңіл бөлуде, себебі қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында білім беру шешуші рөлде. «Қазақстан-2030» бағдарламасының ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі ретінде осы білім беру мәселесіде сөз етіледі.

Бүгінгі таңда Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында білім беру мазмұны және оның құрылымына қатысты бір қатар ірілі-ұсақты реформалар жүргізілуде. Жоғарғы оқу орындарындағы білім берудің интернационалдануы, университеттер мен ғылыми зерттеулердің

жаһандануы Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беру жүйесінде маңызды, әрі мазмұнды модернизациялауға ынталандыруда. Қазақстанның әлемдік деңгейдегі білім беру жүйесіне лайықты түрде енуі үшін, прогрессивті әлемдік тәжірибенің нәтижелерін және қазақтардың мәдени-өркениеттік ерекшеліктері мен жетістіктерін назарға ала отырып, шығармашылық тұрғыдан ұштастыра білуіміз қажет. Білім беру мәселесі біздің қоғамымыздың болашағын көрсетеді, сол себептіде өз болашағыңызды барынша жақсы етіп қалыптастырыңыз.

Мәселенің өңделу дәрежесі: Білім беру жүйесінде әрқашан біз білетін Платон, Августин, Фома Аквинский, Ж.Ж. Руссо, И. Кант, Г.В.Ф. Гегель, Ф. Ницше, Ф. Шлейермахер, В. Дильтей, Д. Дьюи және т.б сияқты көрнекті ойшылдардың философиялық зерттеулері арқау болды. XX ғасырда білім беруде М.Бубер, М. Шелер, К. Ясперс, Т. Адорно, М. Хоркхаймер, Ю. Хабермас, Г. Гадамер және т.б философтарымыздың зерттеу тақырыптары өзекті болды.

Білім берудің жаңа үлгілерін іздеуде эл-Фарабидің философиялық және білім беру ойлары маңызды контрастты тәжірибесі болып табылады.

Зерттеу нысаны: әл-Фарабидің әлеуметтік-философиялық және тарихи-рефлексиялық контекстегі білім мен тәрбие туралы идеялары.

Зерттеу тақырыбы: әл-Фарабидің білім беру құбылысы туралы философиялық дискурсы, және оның адамзат баласы үшін, қоғам үшін маңыздылығы.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Білім берудің мәнін әл-Фарабидің философиялық дискурсы негізінде қарастыру және талқыланатын мәселелердің философиялық аспектісін өзге аспектілермен салыстыру арқылы ажырамас, тұтас құбылыс ретінде анықтау.

Материалдар және әдістер

Әл-Фарабидің философиялық-ағартушылық көзқарасын түсіну, адам мен қоғам үшін білімнің әсері мен маңыздылығын, зерттеудегі жалпылаудың жаңа деңгейіне шығудағы зерттеу әдіснамасын анықтайды. Зерттеу барысында қабылданған іс-әрекет барысы бірқатар философиялық қағидаларға және жалпы ғылыми әдіснамалық методтарға негізделген: объективтілікке, әмбебап байланыс пен тұтастыққа, нақты тарихи деректерге негізделген принциптері әлеуметтік-тарихи және білім беру процестерін зерттеуде, зерттелген құбылыстар мен оны жалпылама бағалауда, әл-Фарабидің білім беру философиясының модификациясын нақты бейнелігін анықтауда қолданылады. Абстрактылықтан нақтылыққа өрбу әдісі арқылы тарихи және логикалық әдістердің бірлігі, жалпы философиялық ұғымдар білім беру мәселесіне экстраполяцияланады.

– герменевтикалық зерттеу әдісі – философиялық дискурстағы мәлімдемелерді талдау арқылы білім берудің мәнін түсінуде және де әл-Фарабидің білім беру тәсілінде қолданылады;

– білім беру туралы антропологиялық тәсіл адамға білім берудің субъектсіз, әрі білім беру мақсаты ретінде назар аударуға мүмкіндік береді;

– аксиологиялық тәсіл білім берудің құндылығын, руханилықтың бүкіл білім беру процесіне енетін ерекше жарық үлгісі ретіндегі рөлін негіздеу үшін қолданылады;

– салыстырмалы талдау әдістерінің жиынтығын қамтитын салыстырмалы тәсіл, зерттеу тақырыптарындағы білім мәселесі туралы өзге философиялық дискурсты түсіну негізінде ашылады.

Мәселе: рационализмнің классикалық философиясында (Платон, Кант, Гегель және

т.б.);XVIII ғасырағы француз ағартушылықта (Ж.Ж. Руссо); бейклассикалық философияда (Ф.Ницше); экзистенциализмде (К. Ясперс); антропологиялық философияда (М. Шеллердегі адам рухының қалыптасуындағы білімді жүзеге асыру тұжырымдамасы); Франкфурт әлеуметтік зерттеулер мектебінде (М.Хоркхаймер, Т. Адорно, Ю. Хабермас).

Отандық білім берудің мәдениетке, адамның рухани өсуіне бағдарлануын негіздеуде авторлар Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарына сүйенеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы болашаққа ашық және ақыл-ой мен мораль аспектісінде зияткерлік пен адамгершіліктің бірлігі, мәдениетті игеру ретінде қарастыратын әл-Фарабидің білім берудің философиялық тұжырымдамасын жасауда жатыр.

Нәтижелер мен талқылау

Білім берудегі дағдарыс туралы қазіргі таңдағы заманауи пікірталастар білім беру туралы философиялық көзқарастың қажеттілігін көрсетеді. Білім беру субъектілері туралы, және оның мәні, мақсаттары, қызметтері туралы жалпы идеялар барлық уақытта да жалпы формада болады. Философтар мен ғалымдардың еңбектерінде бұл идеялар білім беру ұғымдары ретінде ұсынылды. Философия – бұл сыни көрініс (Гегель), сондықтан білім беру мәселесі әрдайым көрнекті философтардың тұжырымдамасына еніп келген.

Постклассикалық кезеңде білім беру өзінің негізгі мақсатын жоғалтты. Экономикалық жарамдылыққа бағытталғандықтан, адамды негізгі объекті ретінде ескермейді, сондықтан да моральдік компонентін жоғалтады. Ал білім әрқашан жеке тұлғалардың мінез-құлқын ынталандырудың маңызды көзі болып табылатын әлеуметтік құндылық ретінде қарастырылды. Мәселен, ежелгі Қытайдағы білімнің құндылығын сол тұстағы бай-шонжарлар ежелгі бес кітапты еркін меңгеріп, білімін империялық емтихандарды сәтті тапсырғаннан кейін мемлекеттік қызметкер ретінде қабылданған, бұл жайлы Конфуций өз мысалдарында көрсетеді.

Ғылыми білімді интернационалдандырудың, білім берудің жаһандануының қазіргі тенденциясы, білім беру ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан ұлы ғалым-энциклопедист әл-Фарабидің шығармашылық мұрасын зерттеуді қажет етеді. Әл-Фарабидің рөлі философиялық

және ағартушылық ойдың дамуының жалпы контекстінде де маңызды. Оның білім беру идеясын қамтитын философиялық-педагогикалық теориясы кеңінен танымал. Әл-Фараби білім берудің нақты философиясын дамытқан жоқ, дегенмен кем дегенде жанама түрде білім беру идеясын жеткізді. Оның философиялық жүйесі тәрбиелік және философияға негізделген білім беру ойы ретінде көрініс табады, және де бүгінгі күнге дейін өз күшінде. Швейцариялық шығыстанушы А.Мецтің: «мұсылмандық «Ренессанс» IX-X ғасырларда Еуропалық Ренессансқа дейін келді», деген тезисі (Mez, 1922) жалпыға бірдей танылды. Өздеріңіз білетіндей, араб ойшылдары ежелгі заманның философиялық еңбектерін зерттеп, сақтап, оны батысқа жеткізді, бұл батыстың ортағасырлық схоластикасының дамуына ықпал етті. Әл-Фараби болса, осы Шығыс елдерімен Еуропа мәдениеттері арасындағы алтын көпір ретінде есептелді. Неміс шығыстанушылары мен философия тарихшылары әл-Фарабидің араб философиясының негізін қалаушы ретіндегі рөлін ашып жеткізді. (Штайншнайдер М., 2011; Дитерици Ф.).

Қазіргі қоғамымыздағы білім беру жүйесін әл-Фарабидің ой-пікірлері тұрғысынан қарастыруымыз керек, оның білім беру тұжырымыдамасы ғылымның көмегімен қол жеткізілген зияткерлік және адамгершілікке бағытталған. Әл-Фарабидің астрономия, математика, геодезия, физика, философия, тарих, минералогия саласындағы ғылыми мұрасын сыни тұрғыдан зерделеу және оның алға қойған идеяларына сүйене отырып білім беру педагогика философиясын байытуға және университеттік білім берудің дамытуына ықпал етеді.

Әл-Фарабидің «Ғылымдар классификациясы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Музыка туралы үлкен трактат», «Бақытқа жету жолдары», «Бақыт туралы», «Мемлекет басқарушының афоризмдері», «Риторика», «Поэзия өнері туралы» және т.б. бірқатар еңбектерінде тәрбие және білім берудің көп өлшемді мәселелері қозғалады. Ойшылдың философиялық мәселелердің барлық кешені – мінсіз қоғам туралы, адам туралы, әлемді танып білу туралы және философиялық-білімдік тұжырымдамасының түпнегізі тәрбие мен білім берудің мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру.

Әл-Фараби жазбаларындағы білім беру философиясы ақыл мен мораль аспектісі

ретінде қарастырылған. Зияткерлік (интеллектуалдылық) пен мораль бір-бірімен тығыз байланыста, өйткені зияткерлік моральдің бір аспектісі ретінде кірістірілген.; Жақсылыққа ынталандыру – тәрбие мен білім берудің міндеті. «Ғылымдарды зерделеуге кіріскен кез келген адам жас әрі қарапайым, деңсаулығы мықты, өнегелі және тәрбиелі, принципіалды, қулық пен айлагерліктен алыс және басқада теріс әрекеттерден аулақ, ғылымға құрметпен қарауы керек және өзгеде ізгі қасиеттер бойынан табылу қажет (әл-Фараби, 1972: 63) Әл-Фараби мораль мен зияткерліктің өзара байланысын ашып көрсетеді: «Білім жақсы адам көз қызығатындай мінез-құлықтармен безендірілуі керек». Адам білімі мен оның дағдылығы «Жеміс-жидекті ағашты отырғызған секілді, жемісі ретінде адамгершілікпен жиналады» (әл-Фараби, 1972: 63).

Әл-Фарабидің философиялық және тәрбиелік ойлауының бірлігі оның моральдық-философиялық негізгі ойларынан туындайды. Әл-Фараби: «адам білімі және тәрбиесінің қалыптастыруы адамгершілікте жатыр, білім адам интеллектуалдық пен моральдың кемелденуінің бірлігі, білім арқылы бақытқа қол жеткізуге, адамның табиғи сенімділігі мен қоғам алдындағы бостандығын сақтауға болады». Бұл білім туралы пікір Платонның, Августиннің, Фома Аквинскийдің және Ж.Ж. Руссоның «логос» туралы ойларының ұқсастығын көрсетеді.

Тәрбие мен білім туралы, тәрбиенің негізгі мақсаты, адам мақсаттары туралы жалпы әл-Фараби ілімдерінің рухани негізін Платон мен Аристотель құрады. Бізді қоршап жатқан әлемді тану туралы әл-Фарабидің негізгі идеясы әлемді танудағы ақыл-ойдың шешуші рөлі болды. Тек парасатты адам ғана жаңа білімді игере алады деп есептелді. Парасат адамға туа біткен қасиет болып берілмеуі мүмкін, дегенмен адамда өзге тіршілік иелерінен ерекшелендіріп тұратын ойлана алу қабілеті бар. «Білім жанға тек сенсорлық қабылдау арқылы алынады... Және білім адамға кездейсоқ жиналатындықтан адам мұны түсіне бермейді және оны бірнеше бөліктерге бөліп алады. Сондықтан, адамдардың басым көпшілігі кейде білім үнемі жан дүниесінде болады, және оларды сенсорлық емес қабылдау арқылы үйренеміз деп елестетеді. Егер олар тәжірибе нәтижесінде жанға енсе, онда жан ақылға қонымды болады, өйткені интеллект тәжірибеден басқа ештеңе емес, және

бұл тәжірибе неғұрлым көп болса, соғұрылым жан керемет жетілген интеллектке ие болады» (Әл-Фараби, 1972а: 78, 79).

Әрі қарай ғылым адамның жеке басының қалыптасуы ақыл-ой негізінде жүретіндігін және тек тәрбие мен білім беру арқылы адам парасаттылығына қонымды болатындығын баса айтады: «Адамды тәрбиелеу білім алушының процесінде үйретушінің күш-жігерінің арқасында жүреді». Философтың ақыл-ойды практикалық-нақты және теориялық-абстракттілі деп бөлу, жалпы ұғымдарды қалыптастыратын бөлу білім алу мен білім беруде үлкен маңызға ие болды, өйткені философ білімге нақты жету жолдарын көрсетті. Осы арқылы әл-Фараби оқытушының назарын білім алушылардың ақыл-ой қалыптастыру әдістеріне аударады.

Әл-Фарабидің негізгі ойларының бастапқы нүктесі – адам үшін парасаттың құндылығы туралы антропологиялық анықтамада жатыр: «... адам үшін құндылықтардың ішіндегі ең ерекшесі адамның өзінің ақыл-ойы, өйткені адам осы ақыл-ойдың арқасында адам болды». (Әл-Фараби, 1973: 37-38). Мұндағы әл-Фарабидің идеялары Ж.Ж.Руссоның ойларымен үндестігін аңғаруымызға болады. Руссо жеке адамның қайталанбас тұлға ретінде қалыптасуын талап етеді, бұл адамға білімнің қажеттігін көрсетеді. Жас кезіндегі білім ақыл-ойдың дұрыс бағытта қолдану, үйренудің өзіндік мазмұнға ие екендігін көрсетеді, өйткені: «Оны өзінің ақыл-ой билігінен басқа ешқандай билік басқара алмайды» (Руссо, 1981: 302).

Әл-Фарабидің адам туралы философиялық ойлары білім беру тұжырымдамасының құрамдас бөлігі екендігін көрсетеді. Әл-Фарабидің білім беру туралы ілімінің антропологиялық аспектісі және оның мақсаты қалай дұрыс өмір сүру туралы идеяларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл идеялар әлемнің бастауы мен оның мәнінің рационалды болмысы ретінде адамның танымына негізделуі керек. Адам шынайы білімге қол жеткізетін оқу, ақыл-ой белестерінің асқар шыңы болып табылады: «Актуальды интеллект интеллекцияның пайымдағыш объектілерін түсінген кезде, біз актуальды деп санаған интеллект дарыған интеллектке айналады» (Әл-Фараби, 1994: 94).

Шын мәнінде, бұл философия, тарих, математика, астрономия, медицина, химия, физика, шежіре, поэтика және білімнің басқа бөлімдерін қамтитын ғылымдар мен өнер жиынтығы. Бұл ұғым ежелгі грек пайдейясының

(грек. *país*-бала, баланың қалыптасуы, білімі, тәрбиесі, мәдениеті). бұл ең алдымен балаларды тәрбиелеуді, содан кейін жалпы білім беруді, әмбебап білім беруді білдіреді: адамның барлық қабілеттері мен мүмкіндіктерін жүзеге асыратын үйлесімді, дене және рухани қалыптасуы (*Wörterbuch der Antike*, 2002: 406).

Әл-Фараби жазбаларында таным мен білімге қатысты бірқатар сұрақтар қарастырылады. Шығыс Ренессансы кезеңіндегі тәрбие мен білім тұжырымдамалары «адаб» ұғымына – тәрбие, мәдениет, этикетіне сәйкес келетіндігін ескеруге болады. Ол асыл деп саналатын мінез-құлық нормаларының жиындығы ретінде түсіндіріледі (Ohlander, 2015). «Адабты» IX ғасырда ойшылдар қарапайым мінез-құлық нормаларын игеруден гөрі кеңірек түсіне білді. Шын мәнінде, бұл философия, тарих, математика, астрономия, медицина, химия, физика, шежіре, поэтика және білімнің басқа бөлімдерін қамтитын ғылымдар мен өнер жиынтығы. Бұл тұжырымдаманы ежелгі грек пайдейясының (грек *país* – бала, баланың қалыптасуы, білімі, тәрбиесі, мәдениеті) тұжырымдамасымен ортақ қасиеттері бар. Бұл бірінші кезекте балаларды тәрбиелеу мен оқытуды, содан кейін жалпыға білім беруді, оның қабілеттері мен мүмкіндіктерін іске асыра отырып, адамның үйлесімді, тәндік және рухани қалыптасуын білдіреді (*Wörterbuch der Antike*, 2002: 406).

В.В. Йегер оны ежелгі гректердің білім мен мәдениетке деген ұмтылысы ретінде анықтайды (Jaeger, 2008:10). Пайдейяны ежелгі ойшылдар білімді игеруден гөрі кеңірек түсінеді. Пайдейя – бұл адам өзін калокагатия идеалына жету жолымен өзгере отырып жеңетін жол: даналық, парасаттылық, әділеттілік, адамгершілік, зияткерлік және басқа да ізгі қасиеттерге ие болу арқылы рухани және физикалық жетілу. Сонымен қатар, пайдейя – бұл тек қана жол ғана емес, сол жолды басқарудағы көшбасшысы, әрі оның педагогикалық ұйымы. Француз зерттеушісі А. И. Марру, пайдейя «бұл білім берудің белсенді, дайындық мағынасында емес, осы сөздің бізде қалыптастырылған нәтижелі мағынасында түсінілетін мәдениеттің белгіленуіне айналады: адамның рухани дамуының барлық мүмкіндіктерін толық мағынада жүзеге асырған деңгейге жету» (Marrou, 1964: 142). М. Хайдеггердің пайымдауынша, Платон пайдейясы: “бұл адамның бүкіл болмысын өзгертуге арналған нұсқаулық” (Heidegger, 1997: 350).

Сонымен қатар, әл-Фарабидің «Бақытқа жету туралы» трактатындағы түсінігі бойынша

білім тәрбиемен тығыз байланыста болуы керек. «Білім беру – бұл халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді беру. Тәрбие-бұл ұлттарға этикалық ізгіліктер мен білімге негізделген өнер сыйлау тәсілі. Білім беру тек сөз арқылы жүзеге асырылады, ал тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындары білімге негізделген қасиеттерден туындайтын әрекеттерді, оларды осы әрекеттерге итермелейтін, оларды орындауға деген құштарлығын оятып, оларды осылай етіп жасауға дағдыландырады. Қасиеттер мен онымен байланысты әрекеттер жанды [адамдарды] иемденеді, сондықтан [адамдар] оларға жасына қарай құлшынысы артып, жанданады. Бір нәрсені жасауға деген ықыластың құштарлығы кейде сөз арқылы, кейде іс-әрекет арқылы жүзеге асырылады» (Әл-Фараби, 2014: 371). Білім беру – ауызша сөйлеу, білімді беру, оқыту, тәрбиелеу-практикалық жұмыс және тәжірибе арқылы толысады. Тәрбие мен білім идеясының біртұтастыққа үйлесуі білім беру, адамның мәнін қалыптастыру процесі ретінде көрініс табады.

Аристотель секілді әл-Фарабидің ашқан білімнің практикалық және теориялық деңгейлері білім берудің қалыптасуының онтологиялық негіздері болып табылады. Әл-Фарабидің білімді жіктеу, түйсіктер, ойлар мен зерттеулер арқылы жету жолдарын көрсететін білімнің классификациясы бүгінгі бірқатар университеттерімізді зерттеу пікірталасының қозғаушы күші ретінде маңызды.

Әл-Фарабидің білім туралы ілімге педагогикалық тұрғыдан түсіндірілген үлесі сақталатындығы күмәнсіз. Ол қазіргі білім берудегі педагогикалық мәнін түсіну үшін маңызды сұрақтардың бірі деп айтуға болады. Бұл жерде әл-Фарабидің білім беру пәндеріне қатысты пайымдауларын атап өтуге болады. Кейінірек Гегель айтқандай, білім беру мінез-құлықтың қарама-қайшылықты келетін субъективтілігіне қарамастан, тек қажырлы еңбекпен жүзеге асырылуы керек. Шынайы білім, адамның өзін-өзі тәрбиелеуі ретінде, оның өзіндік ойлауының негізінде жүзеге асады (Löwith, 1999: 313). Бұл таңдалған элементтермен жақсы жұмыс істейді.

Үйренушілердің ақыл-ойының қабілеттерін қалыптастыру үшін әл-Фарабидің айтуы бойынша қалыптастыратын қабілеттер кезең-кезеңімен жүруі керек. Бұл қабілеттер тек деңсаулық және физикалық тұрғыдан дамуды ғана емес, рухты дамытуды да мақсат етеді. Ең алдымен сатыларынан өтпей тұрып, қалыптасудың бастапқы алғышарттарын білуіміз қажет. Жалпы

алғанда, білім туралы заңды мәлемдемелерді жүзеге асырудың қажетті шартты – бұл көзқарас: адам-рухани болмыс, сондықтан ол білім алуға, үйренуге құқылы. Осылайша, әл-Фарабидің ойымен К. Ясперстің келесі ойлары үндеседі. К.Ясперс: «білім – бұл білім емес, рухани мазмұнды игеру... Мұндай білім – білім емес. Жаланаһ білім.....адам үшін бұл тек сыртқы ауыртпалық болып қалады. Бірақ білім дегеніміз бұл суреттердің тереңдігін ойлау арқылы жанның ұлылық бейнесімен толықтыру» (Jaspers, 2013:53).

«Ғылымдар классификациялау» трактатында әл-Фараби оқытуды, үйретудің дәйектілігін негіздейді. Алғашқы бөлімінде лингвистиканы зерттеу, тілді жетілдіру және де асқақтату арқылы «тіл білімі осылайша барлық ғылымдардың дамуына ықпал етеді» (Әл-Фараби, 1994: 43). Яғни, тіл мен білім бір-бірімен ажырамас құрамдас салалар. Өздеріңіз білетіндей, Ф.Ницше білім берудің дамытудың болашағын ана тілінің күйімен байланыстырады. Тілдің толыққанды зерделеудің қажеттілігін түсіну оның «Біздің білім беру мекемелеріміздің болашағы туралы» еңбегінде білімге деген философиялық көзқарасын анықтайды. Ол білімнің құлдырауын тілдің нашарлауымен түсіндіреді және жоғары мамандандырылған ғылыми-терминологиялық тілде лингвистикалық бұрмалау процесінің соңғы сатыда екендігін анықтады. Ф.Ницше өнер ана тілін білу арқылы білімге оң әсер етеді деп есептеді. Нағыз білім ана тілін құрметпен қарап, мұқият меңгеру арқылы қол жеткізіледі. Білім берудің бастапқы және соңғы нүктесі – бұл тіл, ал тіл мен білімнің арақатынасы туралы: «Білім тіл дамытудың дұрыс жолынан бастау алады» (Nietzsche, 1973: 177).

Одан кейін логика ілімімен жалғасады, өйткені логиканың жалпыға ортақ әмбебап заңдары барлық өзгеде ғылымдардың мазмұны мен дамуына ықпал жасайды. «Бақытқа апаратын жол...-алғашқы кезең: логика өнерін игеру» (Әл-Фараби, 2014: 243). Сол тұстағы ислам елдерінде әл-Фарабидің логикасы басты рөл атқарғаны сөзсіз. Логика ілімі нақты мәселелерді зерттеп-зерделеу әдісі емес, ұғымдарды синтездеу тәсілі. Осыған байланысты дедуктивті әдіс үлкен маңызға ие. Тіл және логика ілімдерінен кейін әл-Фараби математика, жаратылыстану және теология, сондай-ақ әлеуметтік-гуманитарлық даму ғылымдарын тізбектеп қарастырды. Шынайы бақытқа жетуге ұмтылған адамды оқытудың мақсаты: астрономия, геометрия

және гармония, музыка ғылымы – арифметика және математика секілді өзара байланысты пәндермен сусындату. Математика жеті дара ғылымдарды қамтиды: (арифметика, геометрия, оптика, жұлдыз туралы ғылым, музыка ғылымы, ауырлық күші және механика). Музыкалық білім маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, Б. Рассел айтуынша: «Платонның «музыкасы» біз мәдениет деп атайтын секілді кең» (Russell, с.129). Музыкалық білім адамды әдемілік пен кемелділікке ұмтылуды қалыптастырады, ал ырғақ пен үйлесімділік «рухани әлеміне тереңінен сүңгіп, оған қатты әсер етеді; ырғақ пен үйлесімділік әрдайым қуаныш сыйлайды, және ол адамды одан сайын сұлуландыра түседі. Ал егер адам бойына дұрыс дарыта алмаса, музыка оны қайтып ретке келтіре алмайды, яғни бәрі керсінше болады» (Платон, 1998: 168). Адамға әсер ету бойынша әл-Фараби музыканың үш түрін ажыратып қарастырады. «Бірінші түрдегі музыка әуен тыныштандырады және рахат сыйлайды; ал екінші түрі музыка асқақ-құмарлықты білдіреді (немесе туындатады); үшінші түрдегі музыка көңілді – біздің қиялымыздың қарқынын артырады» (5, әл-Фараби, 1993): 27-28).

Соңына қарай, білім арудың мақсаттарында жекеленген математикалық және астрономиялық ғылымдар арқылы қол жеткізгісі келеді; әрі қарай саяси мекемелерге практикалық қатысу арқылы, соңында философиялық ілім арқылы. Әл-Фараби білімді игеру жолдарын зерттей отырып, үйрету әлеміндегі біз білмейтін қарапайым қасиеттер мен құбылыстарды игеруден басталып, метафизиканың күрделі мәселелерін зерттеуімен аяқталуы керек (3, Әл-Фараби, 1973: 269-270; 7, Әл-Фараби, 54-55). Әл-Фарабидің пайымдауынша, философиялық білім адамның өзін-өзі тануына және шынайы білім алуына әкеледі. Білім – философияға тән принцип. «Философия – бұл практикалық пайдасыз, практикалық мақсатсыз білім алуға ұмтылу» (Scheler, 1960: 324), яғни философия тосынан басталатын әлемді тану арқылы өзін-өзі пісіп-жетілудің үздіксіз процисі арқылы дамиды, дамып отырған қоғамдық сананың формасы ретінде пайда болады (Аристотель).

Оның үстіне, «Философияны зерттеудің алдында не тұруы керек?» трактатында әл-Фараби Аристотельдің еңбектерін терең зерттеумен философиялық білімнің мазмұнын болжайды. «Философияны оқымас бұрын алдын ала тоғыз нәрсені зерттеу түрлі білімді

қажет етеді», олар Аристотельден алынған, шағын жіктеме:

Бірінші: философия ілімдегі бар мектептердің атауын білу;

Екіншісі: әр кітаптың негізгі мақсатын, идеясын білу; [Аристотельдің]

Үшіншісі: философияны зерттеудегі негіз болған ғылымды білу;

Төртіншісі: философияны зерттеудің мақсатын білу;

Бесіншісі: философияны түсінігісі келетіндерге сайланатын жолды білу;

Алтыншы: әр кітаптап тілдің ерекшеліктерін білу; [Аристотельдің]

Жетіншісі: Аристотельдің өз кітаптарына еңгізілген түсініксіздіктерге итермелеген себептерді білу;

Сегізіншісі: философиядан білімі бар адам қандай күйде болу керек екендігін білу;

Тоғызыншы: Аристотельдің кітаптарынан оқығысы келетін адамға керек, қажетті дүниелерді білу; (Әл-Фараби, 2014: 37).

Әл-Фараби математикалық және музыкалық, сайып келгенде, философиялық «адаб» деп жариялайтын білім беруді жобалайды. Олардың барлығы адамның ғылыми білімді үйренудегі бақытқа қол жеткізетін моральдық негізделген тұлға ретінде дамуы керек екендігіне бағытталған. Мұнда этика және педагогика өзара байланыста екендігін аңғаруымызға болады. «Бақыт – бұл адам ұмтылатын мақсат немесе ол кемелденудің бір түрі. Кез-келген кемелділік – бұл адам ұмтылатын мақсат, яғни ол қандай да бір ізгілікті көздеу, бұл әрине кемелділіктің артықшылық тұсы. Ұмтылыс игілік ретінде ұмтылатын мақсаттардың көптігіне орай, бақыт ең пайдалы және өзге мақсаттарға салыстырғанда артықшылықты игілік болып табылады» (Әл-Фараби, 2014: 227). Бұл нақты философияға дайындық ретінде оқыту, тәрбиелеу және білім беру туралы ойлар.

Тәрбие сөзінің педагогикалық мағынасы білім беру және оқыту сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. «Оқыту – бұл ғылым негіздерін, теориялық білімді үйрету арқылы игеру. Тәрбие – бұл жастардың бойындағы қолөнерді (өнерді) меңгеру үшін адамгершілік қасиеттер мен практикалық дағдыларды дамытып, қалыптастыруға бағытталған үйретушінің негізгі қызметі». Бұл тұста ұғымдарға қатысты барлық айырмашылықтарға қарамастан, тәрбие мен оқытудың тығыз байланыстыруға болатындығын және оқытуды тәрбиенің басқа жағы

ретінде белгілеуге болатындығын атап өткен жөн. Білім беру ұғымы тәрбие мен оқытудың кең түсініктерді ұғыну үшін жалпылама ұғым ретінде қолданылады. Тәрбие мен білім бірдей негізгі процестің тек екі түрлі аспектілері болып табылады. Білім беру ұғымы тәрбие ретінде немесе Кант философиясы секілді тәрбие бөлімі ретінде ұсынылады: «Адам тәрбиеге бағынып, мойынсұнатын жалғыз жаратылыс. Тәрбие деп біз тәрбиемен бірге қамқорлықты (қамқор болуды, жағдайын жасау), тәртіпті (төзімділікті, тұрақтылықты) және күнделікті әдеттерімізді түсінеміз» (Кант, 1980: 445). Тәрбие туралы бұл көзқарастың өмір сүруге құқылы, өйткені тәрбиеге тек рухани дайындалған өзіндік сана арқылы қол жеткізуге болады.

Үйренушілерді парасаттылыққа, бақытқа бағыттап отырып, тәрбиелеу мен оқыту міндетті тұрған үйретуші не істеу керек? Білім берудің негізгі көздейдің мақсаты қандай?!

Әл-Фараби еңбектерінен аңғаруымызға болады тәрбиенің тек педагогикалық жақта қана емес, саяси аспекті ретінде қарастырғаның аңғаруымызға болады. Бұл байланыс саяси қызметтегі адамдардың жетістігінің көбісі олардың білім деңгейіне байланысты екендігін көрсетеді. Мұны парасаттылыққа, бақытқа қол жеткізген адамдар ғана әлемдегі адамзат баласының барлығы жақсы жаққа бағыттап алып және сәйкесінше оларды басқара алады деп түсіндіруге болады. Тек осы парасаттылыққа ие философқа, данағөйге саяси билікті иемдену рұқсат етіледі, өйткені үйретуші білім берудің орнына тәрбие беруді мақсат тұтты. Үйретуші адамның парасаттылық, білімге ұмтылу, өзін-өзі тәрбиелеу, кемелділік секілді ең жақсы құнды қабілеттерін дамытуы керек.

Жалпы, әл-Фараби болмыстың дұрыс нормасын және адам мен мемлекеттің әділ конституциясын іздеу барысында адамға осы конституцияға жету кезінде әсер ететін факторлар мен күштерді ұсынды. Ол ізгілікті қаламен және басқарушысы имамынан бастау алады. Әл-Фарабидің білім беру теориясы қол жеткізген білім принциптермен басқарылатын мемлекетте жеке және әлеуметтік қызметті жүзеге асыра алатын адамның моральдық-этикалық сапаларын қалай сапалы қалыптастыратынын көрсетеді.

Білім беру өлшемі – бұл өз бетінше ойлауда өзінің еркіндігін мен парасаттылығынды сақтайтын субъекті. Білім берудің мақсаты – адамның өз мақсатына жетуіне, білім арқылы бақытқа қол жеткізуіне ықпал ету. Сонымен

қатар, жаһандану заманындағы білім беру тұжырымдамасы нақты білімді меңгерумен шектеліп қана қоймай, керсінше, ауқымды түрде түсіндіріліп жатады: мәселе біз шығармашылық, қиял, әмбебап қабілетілік мен белсенділік жайлы жалпы қандай сала болмасын жан-жақты әңгімелесеміз. Жаһандану инновациялық бәсекелестігімен ерекшелене сипаттылады. Инновация білімді оңтайлы пайдалану мен оны өндірумен байланысты (Веск, 2007).

Әл-Фарабидің бұл ойлары Абайдың «Адам бол!» идеясымен үндескендігін атап өткен жөн. Өртүрлі бағытта қарастырылған, ол қазіргі замандағы білім беру мәселелеріне тікелей назар аударғызады және мәдени бағдарланған білім беру философиясының өзіндік стандарты болып табылады. Абай «Қара сөз» кітабында «қазақ балаларына білім беру» қажеттілігін атап көрсетеді (Абай, 1992: 39-бет). Он бесінші қара сөзінде ол адамның мақсатын жүзе асырудағы білімнің рөлін атап өтеді. Адам болу үшін білімін үшін пайдалы дүние жасады ба?,- деп сұрайды Абай (Абай, 1992: 29). Білім алу «ақылдылығымен, білімімен, ерік-жігерімен, ар-ожданымен, жақсы мінезімен» ерекшеленетін мәдени адамның идеясын болжайды (Абай, 1992: 32). Мәдениетті адамның бүгінгі идеясы – өзінің қадір-қасиетін сыйлай отырып, өзгенің қадір-қасиетін құрметтейтін ар-ождан адамы. Мәдениетті адам білім берудің идеясы ретінде ақыл-ойдың, сезім мен ерік-жігердің үйлесімді дамуын болжайды. Білімді адамның идеясын алмастырған мәдениетті адамның бүгінгі идеясы толықтай әл-Фараби мен Абай идеяларынан туындайды. Ол тек ғылыми білімге ие емес, сонымен бірге өзіндік белгілері бір мәдениетпен байланыстырылып және басқада өзге мәдени кешендерге жол ашады. Адорно айтқандай, білім барлық уақытта бар өзіндік мәдениетті сақтап қалуға және сақталған құндылықты болашаққа аман-есен табыстауға тырысады. Ол білім беруді «оның субъективті қабылдауы тұрғысынан мәдениеттен басқа өзге ештеңе жоқ»,-деп анықтайды (Adorno, 2006: Б.34) және сол арқылы білімді субъективті аймақтағы табиғаттың өзгеруі ретінде оқшаулайды. Қазірдің өзінде «Білім беру тұжырымдамасы» туралы баяндамада білім берудің «табиғаттың болып жатқан өзгеруі және оны мәдениет тұжырымдамасына жақындастыру» ретінде анықталды (Horkheimer, 1985: 415). Бүгінгі күнде ол қазіргі мәдениеттің философиялық сынына қатысты (Adorno, 2003), өйткені

білім білімді адамның моральдық өлшемі мен жауапкершілігін қамтиды.

Қорытынды

Біз ойшылдың бай ғылыми мұрасының кейбір аспектілерін ғана қарастырдық. Әл-Фараби туындыларынан аңғаруымызға болады көптеген назар аударарлық ойлар және сөзсіз, Мұсылман Ренессансында білім философиясында жоғарғы деңгейінде тұрған екендігін көруге болады. Техникалық-экономикалық прагматизмге бағдарланған, қазіргі уақытта адамның ақыл-ойына, моральдік-этикалық қасиеттеріне бағдарланған білімді жете бағаламауға болмайды.

Әл-Фарабидің еңбектерінен білімге қойылатын талаптар, білім беру өлшемі, тиімді «оқу жоспары», оқыту әдістемелерін аңғаруымызға болады және үйретушінің имиджі, қарым-қатынасы және де тәрбиеге қатысушылардың: үйретуші мен үйренушілердің арақатынасын аңғаруымызға болады.

Әл-Фарабидің мемлекетке, қоғамға, жалпы адам тәрбиесі мен білімі туралы ілімі бар адамға деген көзқарастары адамның білімі мен оның өмірінің әлеуметтік формаларына, Шығыс пен Батыстық білім беру дәстүріне шешуші әсер етті. Өздеріңіз білетіндей, әл-Фараби секілді білім берудегі адамгершілік негіздердің қажеттілігін Шәкірім Құдайбердиев те атап өткен: «Адамды тәрбиелеу процесінде ар-ождан ғылымын енгізу қажет. Ғалымдар бұл мәселемен де зерттеу жұмыстарын жүргізіп, айналысуы керек. Олар бұл теорияны барлығына міндетті пән ретінде дамыту керек» (Құдайбердиев,

1992: 102). Ол адамның руханиятының өзегі ретінде ар-ұжданға үлкен мән береді. «Мен адамның қарапайымдылығын, әділеттілігін, олардың бірлігіндегі мейірімділікті мұсылман сөзі ұждан, орысша – ар деп атаймын. Ар – ұждан» (Құдайбердиев, 1991: 71 – 72).

Демек, білімді дамыту мен пайдалану өздігінен жүзеге аспайды. Әл-Фарабидің рухани мұрасын түсіне отырып, мұндай жеке құнды қасиеттерді меңгеру тек білім беру арқылы жүзеге асырылатындығын көреміз. Білім берудің өзі – әл-Фараби үшін парасаттылықты растау. Әл-Фарабидің ой толғаныс орталықтарында адамның парасатты, әлеуметтік және мәдени болмыс ретіндегі табиғи мәнінде жатыр. Ойлау формасы ретіндегі білім әлем мен жеке адамның арасындағы қатынастардың өзгеруі арқылы көрініс табар еді.

Делелдікке негізделген логикаға сүйенетін әл-Фараби философиясы білім беру тұжырымдамасында адамның ақылдылығына, білімнің аксиологиялық өлшеміне, адамгершілікті қалыптастырудағы білімнің рөліне, жеке адамның бостандығын сақтауға және оны қоғамға тартуға үндеу идеясын дәйекті түрде жүзеге асырды. Өртүрлі философиялық зерттеу аспектілерден көрініс тапқан білім беру мәселесі, осы зерттеудің нәтижелерін қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыруға болатындығын көрсетеді. Әл-Фарабидің білім беру туралы философиялық дискурсын ойлау формасы ретінде талдау, мәдениетті игеру, адамгершілік пен зияткерлік бірлік ретінде Қазақстан Республикасында ашық болашаққа білім беруді реформалау үшін үлкен маңызға ие.

Әдебиеттер

- Абай Книга слов / Пер. с каз. К. Серикбековой, Р. Сейсенбаева. – Алма-Ата: 1992. Жазушы, – 128 с.
- Adorno Th. W. (2003) Kulturkritik und Gesellschaft. //Gesammelte Schriften in 20 Bänden. Band 10. Suhrkamp Verlag, Auflage: 7, 843 p.
- Adorno Th. W. (2006) W. Theorie der Halbbildung. Frankfurt a. M.: Suhrkamp, 63 p.
- Аль-Фараби. О том, что должно предшествовать изучению философии //Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 430 с.
- Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 430 с.
- Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 400 с.
- Аль-Фараби. О достижении счастья / Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. –Алма-Ата: Наука, 1973. – 400 с.
- Аль-Фараби. Гражданская политика // Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 400 с.
- Аль-Фараби. Указание пути к счастью // Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 400 с.
- Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. – Алма-Ата: Наука Алматы: Ғылым, 1993. – 448 с.
- Аль-Фараби. Избранные трактаты. – Алматы: Наука, 1994. – 448 с.
- Аль-Фараби. Добродетельный город. Философские трактаты. – Алматы: Междунар. клуб Абая, 2014. 504 с.
- Beck U. (2007) Was ist Globalisierung? Irrtuemer des Globalismus – Antworten auf Globalisierung. Edition Zweite Moderne. Frankfurt a. – M.: Suhrkamp, – 267 p.

- Heidegger M. (1997) Platons Lehre von der Wahrheit Verlag: Klostermann, Vittorio; Auflage: 4., durchges. – 42 p.
- Horkheimer M. (1985) Begriff der Bildung //Max Horkheimer Gesammelte Schriften. Frankfurt a. – M.: Fischer, Bd.8. – pp. 409–419.
- Jaeger W. (2008) Paideia. Die Formung des griechischen Menschen. Springer-Verlag Deutschland GmbH, 147 p.
- Jaspers K. (2013) Die Idee der Universität. Universität Heidelberg: Schriften (1). Springer-Verlag, 132 p.
- Кант И. О педагогике // Кант И. Трактаты и письма /отв ред. А.В.Гулыга. – М.: Наука, 1980 – С. 445–504.
- Кудайбердиев Ш. Три истины. – Алматы: Казахстан, 1991.– 118 с.
- Кудайбердиев Ш. Записки забытого. – Алма-Ата: Жазушы, 1992.– 128 с.
- Löwith K. (1999) Von Hegel zu Nietzsche. Der revolutionäre Bruch im Denken des neunzehnten Jahrhunderts. Gebundenes Buch. – Verlag: Meiner, F., 466 p.
- Marrou H-I. (1964) Histoire de l'éducation dans l'antiquité, 2 vol. – Paris, Seuil, 594 p.
- Mez A. (1922) Die Renaissance Des Islams. – Heidelberg, 492 p.
- Nietzsche F. (1973) *Über die Zukunft unserer Bildungsanstalten*. Sechs öffentliche Vorträge // Nietzsche Werke. Kritische Gesamtausgabe. Hg. v. G. Gollı und M. Montinari. – Berlin, New York: Walter de Gruyter, Bd. 2. – pp. 133-244.
- Ohlander E. S. (2015) Adab, in *Şūfism* // Edited by: Kate Fleet, Gudrun Krämer, Denis Matringe, John Nawas, Everett Rowson Encyclopaedia of Islam, THREE. Brill.
- Paideia (2002) Wörterbuch der Antike. 11. Auflage, Leinen, Kröners Taschenausgabe, 1007 p.
- Платон. Государство // Платон. Государство. Законы. Политик. М.: –Мысль, 1998. – С. 63-382.
- Russell B. (2004) A History of Western Philosophy. Routledge, 792 .
- Руссо Ж-Ж. (1981). Эмиль или о воспитании // Педагогические сочинения: В 2-х т. – М.: Педагогика – Т.1. – 656 с.
- Scheler M. (1960) Erkenntnis und Arbeit. Eine Studie ueber Wert und Grenzen des pragmatischen Motivs in der Erkenntnis der Welt // Die Wissensformen und die Gesellschaft / Gesammelte Werke. Hg.: Maria Scheler. Bern, Muenchen: Verlag Franke, Bd.8. – pp. 191–382.

References

- Abay (1992) Kniga slov [Book of words]. Transl. with kaz. K. Serikbekova, R. Seisenbaeva. Alma-Ata: Writer, 128 p.
- Adorno Th. W. (2003) Kulturkritik und Gesellschaft. //Gesammelte Schriften in 20 Bänden. Band 10. Suhrkamp Verlag, Auflage: 7, 843 p.
- Adorno Th. W. (2006) W. Theorie der Halbbildung. Frankfurt a. M.: Suhrkamp, 63 p.
- Al'-Farabi (1972) O tom, chto dolzhno predshestvovat' izucheniyu filosofii //Al'- Farabi. Filosofskiye traktaty [About what must precede the study of philosophy // Al-Farabi. Philosophical treatises]. Alma-Ata: Science, 430 p.
- Al'-Farabi (1972b) Filosofskiye traktaty [Philosophical treatises]. Alma-Ata: Science, 430 p.
- Al'-Farabi (1973) Sotsial'no-eticheskiye traktaty [Socio-ethical treatises]. Alma-Ata: Science, 400 p.
- Al'-Farabi (1973) O dostizhenii schast'ya // Sotsial'no-eticheskiye traktaty [About the achievement of happiness / Socio-ethical treatises]. Alma-Ata: Science, 400 p.
- Al'-Farabi (1973) Grazhdanskaya politika // Sotsial'no-eticheskiye traktaty [Civil Policy// Socio-ethical treatises]. Alma-Ata: Science, 400 p.
- Al'-Farab. (1973) Ukazaniye puti k schast'yu //Sotsial'no-eticheskiye traktaty [Indication of the path to happiness //Socio-ethical treatises]. Alma-Ata: Science, 400 p.
- Al'-Farabi (1993) Traktaty o muzyke i poezii [Treatises on music and poetry]. Alma-Ata: Science, 448 p.
- Al'-Farabi (1994) Izbrannyye traktaty [Selected treatises]. Alma-Ata: Science, 448 p.
- Al'-Farab. (2014) Dobrodetel'nyy gorod. Filosofskiye traktaty [A virtuous city. Philosophical treatises]. Almaty: Intern. club Abay, 504 p.
- Beck U. (2007) Was ist Globalisierung? Irrtuemer des Globalismus – Antworten auf Globalisierung. Edition Zweite Moderne. Frankfurt a. M.: Suhrkamp, – 267 p.
- Heidegger M. (1997) Platons Lehre von der Wahrheit Verlag: Klostermann, Vittorio; Auflage: 4., durchges., 42 p.
- Horkheimer M. (1985) Begriff der Bildung //Max Horkheimer Gesammelte Schriften. Frankfurt a. M.: Fischer, Bd.8. pp. 409–419.
- Jaeger W. (2008) Paideia. Die Formung des griechischen Menschen. Springer-Verlag Deutschland GmbH, 147 p.
- Jaspers K. (2013) Die Idee der Universität. Universität Heidelberg: Schriften (1). Springer-Verlag, 132 p.
- Kant I. (1980). O pedagogike // Traktaty i pis'ma [About pedagogy //Kant I. Tracts and letters]. Moscow: Science, pp. 445-504.
- Kudayberdiyev SH. (1991) Tri istiny [Three Truths]. Almaty: Kazakhstan, 118 p.
- Kudayberdiyev SH. (1992) Zapiski zabytogo [Notes of the Forgotten]. . Alma-Ata: Writer, 128 p.
- Löwith K. (1999) Von Hegel zu Nietzsche. Der revolutionäre Bruch im Denken des neunzehnten Jahrhunderts. Gebundenes Buch. Verlag: Meiner, F., 466 p.
- Marrou H-I. (1964) Histoire de l'éducation dans l'antiquité, 2 vol. Paris, Seuil, 594 p.
- Mez A. (1922) Die Renaissance Des Islams. Heidelberg, 492 p.
- Nietzsche F. (1973) *Über die Zukunft unserer Bildungsanstalten*. Sechs öffentliche Vorträge // Nietzsche Werke. Kritische Gesamtausgabe. Hg. v. G. Gollı und M. Montinari. – Berlin, New York: Walter de Gruyter, Bd. 2. pp. 133-244.

Ohlander E. S. (2015) Adab, in Şūfism // Edited by: Kate Fleet, Gudrun Krämer, Denis Matringe, John Nawas, Everett Rowson Encyclopaedia of Islam, THREE. Brill.

Paideia (2002) Wörterbuch der Antike. 11. Auflage, Leinen, Kröners Taschenausgabe, 1007 p.

Platon (1998) Gosudarstvo // Platon. Gosudarstvo. Zakony. Politik. [the State / Plato. The state. Laws. Politician]. M.: Thought, pp. 63-382.

Russell B. (2004) A History of Western Philosophy. Routledge, 792 .

Russo ZH-ZH. (1981) Emil' ili o vospitanii / Pedagogicheskiye sochineniya [Emil or about education // Pedagogical writings]. In 2 vol. M.: Pedagogika, vol 1, 656 p.

Scheler M. (1960) Erkenntnis und Arbeit. Eine Studie ueber Wert und Grenzen des pragmatischen Motivs in der Erkenntnis der Welt // Die Wissensformen und die Gesellschaft / Gesammelte Werke. Hg.: Maria Scheler. Bern, Muenchen: Verlag Franke, Bd.8. pp. 191–382.